Акция өткізу туралы

«WELCOME BONUS BY SWIFT» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Акцияны өткізу мақсаты:

- халықаралық SWIFT аударымдары жүйесіне жаңа клиенттерді тарту;

- Forte App арқылы SWIFT аударымдарын жүзеге асыратын клиенттер санын арттыру;

Акцияны өткізу тетігі:

Акция кезеңінде Forte App арқылы немесе филиал бөлімшесінде кемінде 10 000 (он мың) теңге баламасындағы сомаға алғашқы сәтті SWIFT аударымын жүзеге асырған кезде клиентке 5 000 (бес мың) бонус мөлшерінде Welcome Bonus by SWIFT беріледі.

1. Акцияны өткізу кезеңі

1. Акция 2026 жылғы 21 қазаннан бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін не алғашқы 500 (бес жүз) клиентке бонус төленгенге дейін, не салықтар мен ҚҚС-ты қоса есептегенде 4 500 000 (төрт миллион бес жүз мың) теңге мөлшеріндегі Акция бюджеті толық пайдаланылғанға дейін — аталған оқиғалардың қайсысы бұрын орын алатынына қарай өткізіледі. Акцияға осы Қағидалардың 3-бөлімінің талаптарына сәйкес келетін Банк клиенттері қатыса алады.

2. Жүлде қоры

1. Акцияны өткізудің бүкіл кезеңіндегі жүлде қоры салықтар мен ҚҚС-ты қоса есептегенде 4 500 000 (төрт миллион бес жүз мың) теңгеден аспайды.

2. Жүлде қоры Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген салықтар мен міндетті төлемдерді ескере отырып, Банк қаражаты есебінен қалыптастырылады және төленеді.

3. Акцияға қатысушылар

1. Акцияға қатысушылар: акция басталған күнге дейінгі 2026 жылғы 1 қаңтардан басталатын кезеңде «ForteBank» АҚ-дағы өз шоттары бойынша SWIFT аударымдарын жасамаған және акция кезеңінде Forte App арқылы немесе Банк бөлімшесінде өзінің алғашқы сәтті SWIFT аударымын жүзеге асырған «ForteBank» АҚ клиенттері (Қазақстан Республикасының резиденттері мен бейрезиденттері).

2. Бонус есептелген сәтте клиент Банктің мобильді интернет-банкингінде тіркелген, «ForteBank» АҚ-да қолданыстағы дебеттік төлем картасы мен бонустық шоты бар болуы тиіс.

3. Ұтыс ойынына қатысушының дебеттік төлем картасы іске қосылған, белсенді және жарамдылық мерзімі аяқталмаған болуы тиіс. Ұтыс ойынына қатысушының дебеттік төлем картасы бойынша төленбеген қызмет көрсету комиссиялары және Банк алдындағы өзге де берешегі болмауы тиіс. Егер ұтыс ойынына қатысушы Банктің қарыз алушысы болса, оның Банктегі барлық қолданыстағы қарыздары бойынша ағымдағы мерзімі өткен берешегі болмауы тиіс;

3. Акцияға Банк қызметкерлері, Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар, 18 жасқа толмаған тұлғалар, Premier-банкинг клиенттері, корпоративтік карталарды ұстаушылар, Business клиенттері, күдікті операциялары бар клиенттер, дебеттік төлем картасы мен бонустық шоты жоқ клиенттер, сондай-ақ Банк өзге себептермен қатысудан шеттеткен клиенттер қатыспайды.

4. Акцияны өткізу тәртібі

1. Акцияға осы Қағидалардың 3-бөлімінің талаптарына сәйкес келетін Банк клиенттері ғана қатысады.

2. Акция шарттарының орындалуы Forte App арқылы және бөлімшеде жүзеге асырылған сәтті SWIFT аударымдары туралы деректер негізінде апта сайын тексеріледі.

5. Банктің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері

1. Daily Banking және карталар бағыты акция шығыстарын бақылайды, акция шарттарын орындаған клиенттердің тізімін айқындайды және шығыстардың нақты сомасы бойынша қызметтік жазба жолдайды.

2. Сегменттеу және CVM бағыты клиенттерге акцияның басталуы, қатысу шарттары және бонустың есептелуі туралы push-хабарламалар мен WhatsApp хабарламаларын жібереді.

3. Есепке алу бағыты қызметтік жазбаны алғаннан кейін акцияны өткізуге жұмсалған нақты шығыстарды есепке алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

6. Бонусты алу тәртібі

1. Клиентке акция аясында алғашқы сәтті SWIFT аударымын жасағаны үшін 5 000 (бес мың) мөлшеріндегі бонус бір рет есептеледі. Кейінгі SWIFT аударымдары үшін бонусты қайта есептеу көзделмеген.

2. Бонус қатысушылардың тиісті тізімі қалыптастырылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленеді (1-қосымша).

7. Жауапкершілік орталықтары

1. Банктің жауапты бөлімшелері осы Қағидаларда көзделген міндеттердің тиісінше орындалуы үшін дербес жауапты болады.

2. Банк алаяқтық әрекеттер немесе бонусты негізсіз алуға бағытталған өзге де әрекеттер жасады деген күдік бар тұлғаларды біржақты тәртіппен қатысушылар қатарынан шығаруға құқылы.

3. Банк акцияға қатысушыларға тиісті ақпаратты жеткізе отырып, кез келген уақытта акцияны тоқтата тұру, тоқтату немесе ұзарту, сондай-ақ осы Қағидалардың шарттарын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

4. Егер бонус төленетін сәтте клиенттің карточкалық шоты жабылған болса немесе бонустық шоты болмаса, бонус төлемі жойылады.

1-қосымша

SWIFT аударымдары бойынша акция өткізу бағдарламасына

«Welcome Bonus by SWIFT»

Кезеңдер	Акцияны өткізу мерзімі	Тізімді қалыптастыру күні	Саны, дана	Жүлделер
1	21.10.2026 - 31.12.2026	1-апта: 27.10.2026 күнінен кешіктірмей 2-апта: 02.11.2026 күнінен кешіктірмей 3-апта: 09.11.2026 күнінен кешіктірмей 4-апта: 16.11.2026 күнінен кешіктірмей 5-апта: 23.11.2026 күнінен кешіктірмей 6-апта: 30.11.2026 күнінен кешіктірмей 7-апта: 07.12.2026 күнінен кешіктірмей 8-апта: 14.12.2026 күнінен кешіктірмей 9-апта: 21.12.2026 күнінен кешіктірмей 10-апта: 28.12.2026 күнінен кешіктірмей	Акция кезеңінде Forte App арқылы алғашқы сәтті SWIFT аударымын жүзеге асырған барлық жаңа клиенттерге	Бонус түріндегі 5 000 теңге